



Шымкент университеті
Сапа менеджменті жүйесі
Студенттер үйі туралы ереже

11-беттің 1-беті



БЕКІТЕМІН

Шымкент университетінің

ректоры Т.Б.д., профессор

Н.А. Сейітқұлов

2023 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ
СТУДЕНТТЕР ҮЙІ ТУРАЛЫ


ЕРЕЖЕ

СМЖ ШУ УЕ 05-04-01-2023

| Қызметі | Қолы | Аты-жөні |
|---|------|------------------|
| Келісілді: Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор | | Керімбекова А.А. |
| Стратегиялық даму және ішкі сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы | | Айдарова А.А. |
| Заң қызметінің басшысы | | Асилханов Н.С. |


| қызметі | қолы | А.Ж.Т. |
|--|------|-------------|
| Өзірлеген: Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор | | Есимов Б.Б. |

| | | |
|--|--|--|
| Құжаттың жарамдылық мерзімі: «27» 10 2023ж. «27» 10 2026ж. дейін | Енгізілді: № 262-244 бұйрық Енгізілген күні: «27» 10 2023ж. | СМЖ ШУ УЕ 04-05-01-2023 Басылым 2 Тіркеу № 19 Көшірме № 1 |
| ұзартылды: «__» _____ 20__ г. | | |

| | | |
|---|--|-------------------------|
|  | Шымкент университеті | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Студенттер үйі туралы ереже | 11-беттің 2-беті |

Мазмұны

| | |
|---|---|
| 1 Жалпы ережелер | 3 |
| 2 Мақсаты | 3 |
| 3 Негізгі міндеттері | 4 |
| 4 Қызметтері | 4 |
| 5 Басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара қарым-қатынасы | 5 |
| А қосымшасы. Өзгерістерді тіркеу парағы | 6 |
| Б қосымшасы. Танысу парағы | 7 |

| | | |
|---|--|-------------------------|
|  | Шымкент университеті | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Студенттер үйі туралы ереже | 11-беттің 3-беті |

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» 2015 жылғы 10-сәуірдегі №189 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы «Білім беру ұйымдарының студенттер үйілеріндегі орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» № 66 бұйрығына сәйкес әзірленген. Қазақстан Республикасының заңнамаларының негізінде Шымкент университетінің (ары қарай - ШУ) күндізгі оқу түрінде оқитын білім алушыларына, Студенттер үйінен орын бөлінеді.

2. Студенттер үйі орындарын конкурстық негізде, арнайы құрылған комиссия бөледі.

1. Студенттер үйі орындарын бөлу жөніндегі конкурстық комиссияның сандық және жеке құрамын, сондай-ақ оның өкілеттік мерзімдерін университет ректоры айқындайды.

2. Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор конкурстық комиссияның төрағасы болып тағайындалады.

3. Студенттер үйінде орындарды бөлу тәртібі

1. Студенттер үйінде орындар "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу және міндетті тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 246 [бұйрығымен](#) бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11408 болып тіркелген "Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы (ұйым орналасқан қалада (елді мекенде) жеке меншігінде тұрғын үй бірлігі (пәтер, үй) жоқ) анықтама ұсынған жағдайда тұрғын-жайға мұқтаж білім алушылар арасында бөлінеді.

1. ШУ-дың студенттер үйіндегі орын бөлу тәртібі жазғы демалыстан бөлек бір оқу жылына беріледі.


2. Студенттер үйінің қолданысқа берілген ғимараттары, құрал-жабдықтары, дүние-мүліктері толықтай университеттің меншігінде болып есептеледі.

3. Студенттер үйінде тұру ақысы университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітіледі.

4. Конкурстық комиссия өтініштерді қарау қорытындылары бойынша студенттер үйінен орын беру туралы шешім қабылдайды.

5. Студенттер үйінен орын алуға өтініш білдірген әрбір білім алушы, студенттер үйі комендантымен өзара жауапкершілікке келісе отырып және төмендегі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- Студенттер үйі комендантының атына жазылған өтініші;
- Жеке куәлігінің көшірмесі;
- Денсаулық жағдайы туралы 075 анықтамасы;

| | | |
|---|--|-------------------------|
|  | Шымкент университеті | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Студенттер үйі туралы ереже | 11-беттің 4-беті |


- 3x4 екі сурет.

6. Студенттер үйінің мүлігі әрбір тұрғынының қолдануына беріледі.

Мүліктің

толыққанды сақталу жауапкершілігі алушыға жүктеледі.

- Студенттер үйінде тұратын барлық тұрғындар үшін студенттер үйіне кіріп-шығу уақыты таңғы 7:00 ден кешкі 22:00-ке дейінгі аралықта бекітілген. Көрсетілген кешкі уақыттан кейін студенттер үйіне кіруге және шығуға тыйым салынады.
- Қонақтар үшін студенттер үйіне кіру уақыты 12:00 ден 19:00 аралығында жүреді. Қонаққа келген адам және қонақ шақырған студенттер үйінің тұрғыны қауіпсіздік қызметінің кезекшісіне жеке куәліктерін тапсырады. Қонақтардың ішкі тәртіп Ережесін сақтауына шақырушы жақ толықтай жауапты болады.
- Студенттер үйінде тұратын білім алушыларға, жағдайын білуге келген ата-аналар студенттер үйі бөлмесіне уақытша орналастырылады.
- Студенттер үйінің коменданты мен тәрбиеші-педагогы және техника қауіпсіздігінің инженері әрбір студенттер үйінің тұрғынын жеке қол хаты негізінде төмендегі ережелермен таныстырады:
 - Студенттер үйінің ішкі тәртіп Ережесі;
 - өрт қауіпсіздігі Ережесі;
 - электр құралдарды пайдалану Ережесі;
 - санитарлық Ережелер;
 - техника қауіпсіздігі Ережесі.
- Құжаттар тапсыру мерзімі 20 тамыздан 20 қыркүйекке дейін.
- Студенттер үйіне орналастыру туралы бұйрықты университет ректоры бекітеді.
- Конкурстық комиссия Студенттер үйінде орындарды бөлуді негіздемелер мен кезектілікті ескере отырып, мынадай тәртіппен жүзеге асырады:
 - 1) мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар ,мүгедектер және бала кезінен мүгедектер;
 - 2) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар;
 - 3) ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болып табылатын білім алушылар;
 - 4) аз қамтылған көп балалы отбасынан шыққан білім алушылар;
 - 5) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан білім алушылар;
 - 6) «Алтын белгі» игерелері (растайтын құжаты бар) бірінші курсқа қабылданған білім алушылар;

| | | |
|---|--|-------------------------|
|  | Шымкент университеті | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Студенттер үйі туралы ереже | 11-беттің 5-беті |

7) Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпазының немесе жүлдегерінің сертификатын иеленген білім алушылар;

8) білім алушылар қатарындағы шетелдік азаматтар халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес Студенттер үйінде орындармен қамтамасыз етіледі.


3. ШУ Студенттер үйінде тұратын тұрғындардың құқықтары мен міндеттері:

3.1. Студенттер үйі тұрғындарының құқықтары:

- Ішкі тәртіп ережелерін сақтай отырып берілген бөлмеде тұруға;
- Студенттер үйіндегі дүние-мүлікті, құрал-жабдықтарды, оқу және мәдени-тұрмыс орындарын (оқу залы, компьютер сыныбы, демалыс бөлмесі) тиімді пайдалануға;
- Студенттер үйі өзін-өзі басқару Кеңесі құрамын сайлау және құрамына сайлануға;
- Заманауи үлгідегі жөндеу жұмыстарын талап етуге, немесе жиһаздардың және басқа да дүние-мүліктердің санитарлық тазалық талаптарына сай ауыстырылуын, сондай-ақ тұрмыстық қажеттіліктердің кемшіліктерін ескертіп, оны түзетуін талап етуге;

3.2. Студенттер үйі тұрғындарының міндеттері:


- Студенттер үйі Ережесін, Өрт қауіпсіздігі Ережесін, Электр құралдарын пайдалану Ережесін, Санитарлық Ережені, Техника қауіпсіздік Ережесін қатаң сақтауға;
- Студенттер үйінде тұру үшін төлемақыны жылына төлеп, оқу жылы басталғанға дейін студенттер үйі әкімшілігіне төлеу туралы түбіртекті (көшірмесін) тапсыруға;
- Студенттер үйінде мемлекеттік меншікті сақтауға, студенттер үйі айналасындағы жасыл желекті, аймақты таза ұстауға, жылуды, электр қуатын және суды үнемдеп пайдалануға;
- Жоғалған немесе бүлінген мүлік пен құрал-жабдықтардың құнын төлеуге, университетке келтірілген басқа да залалдардың ақысын өтуге;

| | | |
|---|--|-------------------------|
|  | Шымкент университеті | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Студенттер үйі туралы ереже | 11-беттің 6-беті |


- Өз күшімен және өз есебінен тұрғын орынның және ортақ қолдану орындарының жөндеу жұмыстарын жасауға қатысуға;
- Тұрғын орында, оның ішіндегі жабдықтарда немесе байланыстардағы ақаулар табылса, тез арада олардың алдын алу шараларын қолданып, міндетті түрде жағдайды студенттер үйі әкімшілігіне жеткізуге;
- сағ 23:00-ден 6:00-ге дейін студенттер үйінде тыныштық сақтауға;
- Бөлмеден шығар кезде әйнек-терезелерді, есіктерді жауып, электр құралдары мен жарықты сөндіруге;
- Бөлмені және қоғамдық пайдалану орындарын таза ұстауға, әркім өзі тұратын бөлмесіне сабаққа шығар алдында күнделікті тазалық жұмыстарын жүргізуге;
- Студенттер үйі коменданты бөлменің қосалқы кілтін тапсыруға;
- Ережеге сәйкес өз тарапынан келтірілген материалдық шығынды өтеуге;
- Бөлмелердің және қоғамдық пайдалану орындарының жағдайын тексеріп келген басқарма қызметкерлеріне қарсылық тудырмауға;
- Студенттер үйінің ішінде татулық, сыйластық, құрметтеу сияқты ішкі әдеп – тәртіптерін ұстануға міндетті.

5.3. Студенттер үйі тұрғындарына тыйым салынады:

- Өз еркімен бір бөлмеден екіншісіне көшуге, дүние мүлікті бір орнынан екінші орынға ауыстыруға;
- Жиһаз, есіктер, бөлме қабырғаларын және қабырғалардағы стендтерді, плакаттарды, кестелерді, хабарландыруларды және т.б. бүлдіруге;
- Бөгде адамдарды өз бөлмесінде тұрғызуға (бөлме кілтін бөгде адамға беруге);
- Есікті бұзып кіруге, өз бетінше жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруға, құлыпты бұзуға және ауыстыруға, жиһаздарды қайта құрастыруға;
- Студенттер үйі комендантының келісімінсіз электр желілеріне жөндеу жүргізу, жарық лампаларын ауыстыру, қосымша электр қуатын тұтынатын желі орнатуға;
- Бөлмеге бөгде адамдарды түнеуге қалдыруға;

| | | |
|---|--|-------------------------|
|  | Шымкент университети | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Студенттер үйі туралы ереже | 11-беттің 7-беті |


- Студенттер үйіне мас күйде келуге, есірткі пайдалануға, студенттер үйінде алкогольдік ішімдіктер ішуге және темекі шегуге;
- Тұрғын бөлмелері мен ортақ қолданыстағы жерлерде темекі шегуге (соның ішінде кальян);
- Дәрігердің белгілеуінсіз есірткі заттарын немесе психотропты дәрілерді қабылдауға, есірткі және психотропты дәрілерді сақтауға, таратуға;
- Студенттер үйі аумағына қару, соның ішінде пневматикалық, зақымдаушы және суық қару әкелуге, сақтауға және қолдануға;
- «Діни іс-әрекеттер мен діни бірлестіктер туралы» заңмен тыйым салынған діни жиналыстар мен іс-шаралар ұйымдастыруға;
- Берілген бөлмені коммерциялық мақсатта пайдалануға (офис, өндіріс, сақтау, сауда-саттық, қызмет көрсету және т.б.) сияқты іс-әрекеттер ұйымдастыруға;
- Студенттер үйі тұрғындарының оқу, тынығу, демалуына кері әсер беретін шулы әрекеттер ұйымдастыруға;
- Дауысы бөлмеден тыс шығып кететіндей ұнтаспаларды, радионы қосуға. Түнгі уақытта (22:00 ден – таңғы 07:00 ге дейін) дауыстап ән салып, дыбыс шығаратын аппараттарды қосуға;
- Студенттер үйінде мысық, тотықұс, күшік сияқты үй жануарларын ұстауға;
- Бөлме есігіне және ортақ қолданыстағы, арнайы орындардан басқа жерлерге хабарландырулар, кестелер, суреттердің көшірмесін және т.б жабыстыруға;
- Тұрғын бөлмелердің есігіне өздігінен құлып орнатуға немесе есікте орнатылған құлыптарды ауыстыруға;
- 22:00-6:00 аралығындағы түнгі уақытта тамақ істейтін тұрмыстық бөлмелерді қолдануға;
- Студенттер үйі шатырына шығуға, терезе алдына отыруға және терезеден кіріп-шығуға;
- Дәлелді себепсіз 22:00ден кейін Студенттер үйін шығуға;
- Бөлмелерде ашық спиральді жылыту пештерін қолдануға;
- Студенттер үйінің тұрғындарына және студенттер үйінің қызметкерлеріне дөрекілік көрсетуге;
- Студенттер үйінде өзге ұлт өкілдерімен қақтығысқа түсуге;
- Студенттер үйіндегі иелігіндегі меншік заттарын сыртқа алып кетуге;
- Студенттер үйінде жеңіл жүрістік іс-әрекет байқатуға.

| | | |
|---|--|-------------------------|
|  | Шымкент университеті | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Студенттер үйі туралы ереже | 11-беттің 8-беті |

5.4. Студенттер үйінен шығару негіздемелері

• Тұрғындар университет студенттер үйінен келесі жағдайларда шығарылуы мүмкін:

- Тұрғын орнын мақсатқа сай қолданбау;
- Тұрып жатқан білім алушылардың немесе олар жауапты басқа азаматтардың тұрғын орынды қиратуы немесе бұзуы;
- Тұрғындардың келген орны бойынша тіркелуден бас тартуы;
- Тұру төлемақысы бойынша келісімшартты бұзуы;
- Тұрғындардың әкімшілікті жазба түріндегі хабардар ету хатынсыз екі ай бойы студенттер үйінде болмауы;
- Студенттер үйінде алкогольді ішімдік ішкен күйде келуі, студенттер үйі аумағында темекі тартуы;
- Дәрігердің белгілеуінсіз есірткі заттарын немесе психотропты дәрілерді қабылдауы, есірткі және психотропты дәрілерді сақтауы, таратуы;
- Тұрғындардың студенттер үйінде жарылғыш, химиялық қауіпті заттарды және қаруды сақтауы;
- Тұрғындардың ары қарай бірге тұруы мүмкін болмайтындай көршілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтамауы;
- Бір немесе бірнеше рет студенттер үйінің тәртіпті, берілген ережені, университеттің басқа да жергілікті актілерін, қауіпсіздік техникасы ережелерін, тұрғын орнын жалға алу туралы келісімді бұзуы;
- Білім алушылардың оқу мерзімі аяқталуы уақытынан бұрын берілген ережені, жарғыны және ішкі еңбек және оқу тәртібі туралы ережені бұзғаны үшін университеттен шығарылуы;
- Тұрғындардың өз өтініші бойынша;
- Оқу мерзімі аяқталғаннан кейін білім алушыны университеттен шығарғаннан кейін;
- ҚР заңнамасымен және университет актілерімен қарастырылған басқа да жағдайларда.
- Университет тәртібін өрескел бұзғаны үшін студенттер үйінен шығарылған білім алушылар, қайта студенттер үйіне қоныстана алмайды.

| | | |
|---|--|-------------------------|
|  | Шымкент университеті | |
| | Сапа менеджменті жүйесі Студенттер үйі туралы ереже | 11-беттің 9-беті |

- Студенттер үйінен шығарылу тәртіптік жаза ретінде студенттік кеңес және тәртіптік кеңеспен қарастырылып, ректордың бұйрығымен қолданылады.
- Тұрғындарды университет студенттер үйісінен шығару ҚР азаматтары үшін бұйрық шыққан күннен үш күн ішінде, шетелдік азаматтар үшін шығу визасы алынған күннен кейінгі 7 күн ішінде жүргізіледі.

6. Студенттер үйі тұрғындарының өзін-өзі басқару ұйымы.

1. Студенттер үйінде тұру қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мәдени-тұрмыстық, спорттық, салауатты өмір салтын жақсарту, өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мақсатында студенттер үйі тұрғындары студенттер үйінде өзін-өзі басқару Кеңесінің төрағасын сайлайды.

2. Өзін-өзі басқару Кеңесі – ғимарат қабаты, тазалық жұмыстарының жүйелі өтуін, өз еріктерімен студенттер үйінің аумағындағы қоғамдық жұмыстарды орындауды ұйымдастырып отырады.


3. Өзін-өзі басқару Кеңесінің мүшелері студенттер үйі комендантымен келісе отырып қабылдаған шешімдер студенттер үйінің барлық тұрғындарына міндетті болып табылады.

7. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері:

Қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері ауысым кезінде студенттер үйі барлық білім алушылардың, студенттер үйі тәртібіне тікелей жауапты (белгіленген тәртіп бойынша сырттан бөтен адамдарды кіргізбеу, әр тұрғынның құжатын тексеріп кіргізу, студенттер үйі тұрғындарын себепсіз сағат 22:00-ден кейін шығармау, студенттер үйі аумағында тәртіп бұзушылық пен құқық бұзушылықты болдырмау және алдын-алу).

1. Студенттер үйі кезекшілігіне түскен қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері тікелей әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректордың басшылығына қарасты болады.

2. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері өзінің кезекшілік қызметін атқаруда өз жұмысына салғырттық танытқан жағдайда әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша реттік тәртіптік жаза қолданылады (жұмыс орнын қараусыз қалдырған жағдайда, құмар ойындар (карта, компьютерлік ойындар, видео ойындарын ойнаған жағдайда, бөтен адамдарды құжатсыз кіргізген жағдайда) ол қызметкермен еңбек келісім-шарты бұзылып, жұмыстан шығару ұсынылады.

| | | |
|---|---|-----|
|  | Шымкент университеті Сапа менеджменті жүйесі Студенттер үйі туралы ереже | |
| | 11-беттің беті | 10- |

8. Марапаттау және тәртіптік жазалау.

1. Студенттер үйі тұрғындарының жағдайын жақсартуда өз үлесін қосқаны үшін өзін-өзі басқару Кеңесінің мүшелері және белсенділік танытқан студенттер үйі тұрғындарын тиісті факультет, әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор және университет кәсіподақ ұйымы тарапынан төмендегідей марапаттар көре алады:

- алғыс жариялау;
- әртүрлі сыйлықтармен және ақшалай марапаттау.


2. Аталған Ережелерді бұзғаны үшін студенттер үйі тұрғындарына төмендегідей тәртіптік шаралар қолданылады:

- сөгіс жариялау;
- Студенттер үйінен және оқудан шығару туралы ескерту.

3. Тәртіптік жазалау ректор, әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор, студенттер үйі коменданты және университет кәсіподақ ұйымының шешімімен іске асырылады.

9. Іске асыру мерзімі.

1. Шымкент университетінің студенттер үйінің Ережесі ШУ-дың Ғылыми Кеңесінде талқыланып, университет ректоры бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

| | | |
|---|---|-----|
|  | Шымкент университеті Сапа менеджменті жүйесі Студенттер үйі туралы ереже | |
| | 11-беттің беті | 11- |

Шымкент университетінің
 ректоры, п.ғ.д., профессор
 Н.А Сейітқұловқа
 Аты-жөні,
 Курсы, тобы,
 мамандығы, факультеті

Өтініш

Сізден _____

Шымкент университетінің студенттер үйісінен бір орын бөлуіңізді сұраймын.

Келген жерім _____

Қоса берілетін құжаттар тізбесі _____

20__ ж. " __ " _____

білім алушының қолы



А қосымшасы

Танысу парағы

| № | Аты-жөні | Қызметі | Күні | Қолы |
|----|---|-----------------------------|------------|-------------|
| 1. | Жетпісбаева Айсара Сериковна | Студенттер үйі қамқарышы | 30.10.2023 | [Signature] |
| 2. | Салтыреева Айгүл Орайбасаровна | тәрбиеші- педагог | 30.10.2023 | [Signature] |
| 3. | Әбдірашманова Жаһангас Жұртмамбетқызы | вахтер | 30.10.2023 | [Signature] |
| 4. | Сазанбаева Алима Бейбүтөвна | вахтер | 30.10.2023 | [Signature] |
| 5. | Қуатбек Жадыра Жастанқызы | вахтер | 30.10.2023 | [Signature] |
| 6. | Жаносбекова Оролкул Жұдакшидіқызы | вахтер | 30.10.2023 | [Signature] |
| 7. | Нурмобаева Кердегүл Жадыгерқызы | еген жұмысшы | 30.10.2023 | [Signature] |

